Машиналық оқытуға негізделген мінез-құлықты терең талдау пайдаланушының қалыпты белсенділік үлгілерін тиімді анықтауға мүмкіндік береді. Қалыпты әрекет үлгілерінен кез келген ауытқулар қауіпсіздікке қатер төндіруінің ықтимал белгісі ретінде қарастырылады, бұл зиянды әрекеттерді ерте анықтап, алдын алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Болжамдық талдау әдістері өткен деректерді талдай отырып, МО арқылы ықтимал болашақ қауіптер мен жүйелік осалдықтарды алдын ала болжауға мүмкіндік береді. Бұл белсенді қорғаныс әдістері ұйымдарға шабуылдардың алдын алу мақсатында қауіпсіздік шараларын алдын ала күшейтуге мүмкіндік береді (Zou, 2025).

Әдеби шолу

ЖИ даму кезеңдері

ЖИ әдістері желілік шабуылдарды алдын ала анықтау және олардың нақты классификациясын жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер шабуылдардың индикаторларын ерте тануға және оларға жылдам әрі тиімді түрде әрекет етуге мүмкіндік береді.

ЖИ алгоритмдері МО әдістерін пайдаланып желідегі әрекет үлгілерін меңгеріп, жаңа қауіп-қатерлерге тиімді бейімделуге қабілетті. ЖИ жүйелері инциденттерге автоматты түрде әрекет ете отырып, киберқауіптерді басқаруда мамандардың уақытын тиімді пайдалануға жағдай эжасайды.

ЖИ эволюциясы және киберқауіпсіздікке ықпалы:

1. Алғашқы кезең (1900-1950 жж.) – ережеге негізделген жүйелердің дамуы.

2. Өтпелі кезең (1950–1980 жж.). Статистикалық әдістер және алғашқы МО модельдері..

3. Қалыптасу кезеңі (1980-2020 жж.) – үлкен деректер және МО модельдерінің жетілу кезеңі.

4. Қазіргі кезең (2021 – қазіргі уақытқа дейін) – терең оқыту және өзіндік үйрену қабілеті бар жүйелердің қалыптасуы мен жетілдірілуі.

Киберқауіпсіздік саласында терең оқыту (көпқабатты нейрондық желілер) кеңінен қолданылады. Өздігінен үйренетін ЖИ жүйелері, мысалы, Darktrace және Vectra AI, нақты уақытта желідегі әрекеттерді талдап, шабуылдарды автоматты түрде анықтайды. Сонымен қатар, бұл технологиялар бұлттық қауіпсіздік, IoT құрылғыларды қорғау, блокчейн қауіпсіздігі және API трафигін бақылау сияқты жаңа бағыттарды дамытуға мүмкіндік береді (Asambaev, 2011; Mucci, 2024; Muthukrishnan, 2020).

Классикалық IDS/IPS жүйелері сигнатураларға негізделгендіктен, жаңа немесе белгісіз шабуылдарды тиімді анықтай алмайды. Бұл кемшілікті ЖИ негізіндегі жүйелер жоя алады. ЖИ технологиялары шабуылдарда тануда келесі әдістерді қолдануға мүмкіндік береді:

1. Зиянды трафикті анықтау – ЖИ алгоритмдері желілік трафикті автоматты түрде талдай отырып, қалыпты және зиянды мінез-құлық үлгілерін тиімді ажырата алады. Терең нейрондық желілер (DNN) және рекуренттік нейрондық желілер (RNN) желілік сессиялардағы уақыттық заңдылықтарды идентификациялауға арналған. NSL-KDD немесе CICIDS2017 секілді датасеттерді пайдалана отырып, ЖИ жүйесі шабуылдарды (DoS, Probe, R2L, U2R) нақты ажырата алады. Мұнда әрбір пакет немесе байланыс сеансы белгіленген сипаттамалар (features) бойынша өңделеді.

2. Аномалияларды анықтау – ЖИ көмегімен "қалыптыдан ауытқыған" әрекеттерді табу. Мұнда бақылаусыз оқыту (unsupervised learning) әдістері, K-means, DBSCAN, Autoencoder кеңінен қолданылады. Бұл әдіс жаңа шабуыл түрлерін анықтауға мүмкіндік береді, себебі олар әлі белгілі шаблондарға сәйкес келмеуі мүмкін.

3. Кластерлеу және жіктеу - ЖИ шабуылдарды түрлеріне қарай жіктеу үшін SVM, CNN, Random Forest сияқты алгоритмдерді қолданады. Алдын ала оқытылған үлгілер негізінде жүйелер трафиктің зиянды немесе қалыпты екенін анықтайды.

4. DDoS шабуылдарын ерте анықтауда ЖИ пакеттер ағынын нақты уақыт режимінде талдай отырып, шабуылдың бастапқы белгілерін анықтай алады. LSTMсияқты терең оқыту модельдері уақытша тәуелділіктерді зерттеу арқылы шабуыл басталмай тұрып есекерту сигналдарын береді (Zhunisov, 2024).

ЖИ модельдерін оқытуда қолданылатын дереккөздер

Желілік шабуылдарды анықтауға арналған ЖИ жүйелерін тиімді үйрету үшін нақты және репрезентативті деректер жиынтықтары қажет. Қазіргі зерттеулерде кеңінен қолданылатын деректер жиынтықтарына мыналар жатады:

- KDD Cup 99 – классикалық кибершабуылдарды қамтитын деректер;

- NSL-KDD – KDD Cup 99 деректер жиынтығының жетілдірілген және жаңартылған нұсқасы;

- CSE-CIC-IDS2017 – заманауи шабуыл түрлерін және толық метаақпаратты қамтитын деректер жиынтығы;

- UNSW-NB15 – қалыпты және зиянды трафиктің теңгерімді үлгілерін қамтитын деректер жиынтығы.

Зерттеуде негізгі дереккөз ретінде желілік шабуылдарды анықтауда жиі қолданылатын CIC-IDS-2017 таңдалды. Бұл дерекқор құрамында зертханалық ортада құрастырылған нақты желі трафигі және қалыпты белсенділігі бар түрлі шабуылдар бар. Мәліметтер flow-based features типтес желі легімен берілген. Мұнда қосылу ұзақтығы, пакеттер саны, байт сипаттамалары және уақыт параметрлері сияқты желілік өзара әрекеттесудің статистикалық сипаттамасы бар. Деректер қоры құрамында бірнеше кластар бар және деректер көп кластық бойынша жіктеледі: Benign (қалыпты трафик), DDoS, DoS (Hulk, GoldenEye, Sloworis, Slowhttptest), PortScan, Bot, FTP-Patator, SSH-Patator, Web Attack (Brute Forse, XSS), Infiltration.

Аталған деректер жиынтықтары негізінде ЖИ модельдерін оқытып, оларды нақты желілік шабуылдарды тануға үйретуге болады. ЖИ жүйелерінің жұмыс тиімділігін бағалау үшін келесі негізгі метрикалар қолданылады:

- Accuracy – дұрыс классификацияланған жағдайлардың жалпы үлесі;
- Precision – шабуыл ретінде анықталған әрекеттердің ішінде нақты шабуыл болғандарының үлесі;
- Recall (Sensitivity) – барлық нақты шабуылдардың ішінде жүйе дұрыс анықталғандарының үлесі;
- F1-score – precision және recall көрсеткіштерінің гармониялық орташа мәні (Khan et al., 2021).

ЖИ әлемдік компанияларда қолданылуы

1. Google компаниясының Gmail қызметіндегі фишингтік шабуылдарды анықтау мақсатында ЖИ және МО алгоритмдері кеңінен қолданылады. Мысалы, Gmail жүйесі әрбір кіріс хатты жүздеген параметр бойынша талдайды, оның ішінде мәтін құрылымы, тақырып мазмұны, сілтемелердің сипаты, IP мекенжай мәліметтері және басқа сипаттамалар бар. Осындай талдау нәтижесінде жүйе күн сайын 100 миллионнан астам фишингтік хабарламаны автоматты түрде бұғаттай алады (Google AI Blog, 2023).

2. IBM компаниясы дамытқан QRadar жүйесі ақпараттық қауіпсіздік орталықтарында (Security Operation Center, SOC) кеңінен қолданылады. Аталған жүйе ЖИ технологияларын пайдалана отырып, желідегі аномалияларды, рұқсатмыз әрекеттерді және ықтимал шабуылдарды нақты уақыт режимінде анықтайды (IBM Security, 2022).

3. Darktrace - Ұлыбританияда құрылған киберқауіпсіздік саласындағы компания. Ол желілік шабуылдарды анықтау үшін ЖИ негізделген өзіндік оқытылатын жүйені пайдаланады. Аталған жүйе ұйымның ішкі желісіндегі қалыпты әрекеттерді талдап, олардан ауытқыған кез келген аномалды белсенділікті ықтимал қауіп ретінде анықтап, жедел хабарлама жібереді. Darktrace технологиялары әлемнің 100-ден астам елінде қолданылып, қаржы, денсаулық сақтау және өндіріс секторларында кеңінен енгізілген (Darktrace, 2025).

4. Kaspersky компаниясы зиянды бағдарламалардың жаңа түрлерін анықтау мақсатында DL және үлгіге негізделген (pattern-based) талдау әдістерін пайдаланады. Бұл тәсіл компанияға жыл сайын миллиондаған жаңа кибершабуыл түрлерін автоматты түрде анықтап, оларды жоюға мүмкіндік береді (Kaspersky, 2024).

5. Қазақстан Республикасында 2017 жылдан бастап жүзеге асырылып келе жатқан «Киберқалқан» бағдарламасы аясында ақпараттық қауіпсіздік жүйелеріне жасанды интеллект енгізілуде. Аталған жүйелер мемлекеттік органдар мен ұлттық инфрақұрылымды кибершабуылдардан қорғау мақсатында желілік трафикті үздіксіз мониторингтен өткізіп, шабуылға тән аномалияларды автоматты түрде анықтайды. Нәтижесінде жүйе мемлекеттік деректер базаларына бағытталған шабуыл әрекеттерінің алдын алуға мүмкіндік береді (Киберқалқан, 2025).

Нәтижелер

Модельді бағалаудағы классификация метрикалары

ЖИ модельдерін желілік шабуылдарды анықтау және жіктеу үшін қолданғанда, ең басты міндет – модельдің тиімділігін дәл бағалау. Нақты уақытта қолданылатын модель тек болжам жасап қана қоймай, сол болжамның сенімді және қауіпсіз екенін де қамтамасыз етуі қажет.

ЖИ мен МО әдістері негізінде құрылған желілік шабуылдарды анықтау модельдерінің сапасын дұрыс бағалау – жүйенің сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз етудің негізгі құрамдас бөлігі. Бағалау критерийлері мен метрикалар шабуылдарды нақты және толық анықтауға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар жалған позитивтер (false positives) мен жалған негативтерді (false negatives) де өлшеуге мүмкіндік береді.

Көбінесе модельді бағалауда бинарлық классификация метрикалары қолданылады, себебі көптеген жүйелер қалыпты және шабуыл трафигін ажыратуға бағытталған. Егер шабуылдардың түрлерін бөлу қажет болса, көпкласты классификация метрикалары да қолданылады, атап айтқанда:

1. CIC-IDS-2017 деректер қорындағы кластарды талдау (1-кесте).

1 кесте – Қалыпты трафиктің және шабуыл түрлерінің саны (CIC-IDS-2017 дерек қоры)

Р/н	Класс атауы	Саны
1	Benign	2273097
2	DoS Hulk	231073
3	PortScan	158930
4	DDoS	128027

5	DoS GoldenEye	10293
6	FTP-Patator	7938
7	SSH-Patator	5897
8	DoS Sloworis	5796
9	DoS Slowhttptest	5499
10	Bot	1966
11	Web Attack Brute Forse	1507
12	Web Attack XSS	652
13	Infiltration	36

Қарастырылған деректер қорында басым көпшілікті Benigh класы құрайды. Сонымен қатар, ең төменгі мәлімет Infiltration класына тиесілі. Бұл теңгерімсіздік МО модельдерін құру кезінде ескерілген.

2. Дәлдік (Accuracy) – модельдің барлық болжамдар ішінде дұрыс болжам жасаған жағдайларының үлесін сипаттайтын метрика (1):

$$\text{Accuracy} = \frac{TP+TN}{TP+TN+FP+FN} \quad (1)$$

Дәлдік (Accuracy) тек теңгерілген (balanced) деректерде ғана толық ақпарат береді. Егер шабуылдардың саны аз болса, модель барлық трафикті «қалыпты» деп бағалап, жоғары дәлдік көрсеткіші алуы мүмкін. Алайда бұл жағдай модельдің шынайы тиімділігін көрсетпейді, себебі нақты шабуылдарды анықтау қабілеті төмен болады.

3. Нақтылық (Precision) – модельдің шабуыл деп белгіленген трафигінің ішінде шынайы шабуылдардың үлесін көрсететін метрика (2):

$$\text{Precision} = \frac{TP}{TP+FP} \quad (2)$$

Егер модель көп мөлшерде FP (жалған оң) жағдайлар тудырса, жүйеге сенім төмендейді. Сол себепті нақтылық (Precision) маңызды метрика болып табылады, себебі ол модельдің қате ескертулерін бағалауға мүмкіндік береді.

4. Recall немесе Detection Rate - модель нақты шабуылдардың қаншасын дұрыс анықтағанын көрсетеді (3).

$$\text{Recall} = \frac{TP}{TP+FN} \quad (3)$$

Бұл көрсеткіш әсіресе қауіпсіздік саласында аса маңызды,өйткені FN (жіберіп алған шабуылдар) жүйеге үлкен зиян келтіруі мүмкін.

5. F1-score - нақтылық пен сезімталдықтың үйлесімі, екі метриканың арасындағы тепе-теңдікті көрсетеді (4).

$$\text{F1-score} = 2 \cdot \frac{\text{Precision} \times \text{Recall}}{\text{Precision} + \text{Recall}} \quad (4)$$

F1-score теңгерімсіз деректерде (шабуыл үлесі 10%-дан аз) өте маңызды. Ол модельдің жалпы тиімділігін жақсы сипаттайды.

Берілген формулалар негізінде тұрғызылған МО модельдерін талдау 2 кестеде берілген.

2 кесте – МО модельдерін салыстыру

Модель атауы	Accuracy	Precision	Recall	F1-Score
CNN	0.953111	0.950174	0.953111	0.949316
Random Forest	0.995111	0.994960	0.995111	0.994887
SVM	0.945778	0.943968	0.945778	0.942091

Жалпы алғанда, Random Forest алгоритмі салыстырмалы талдауда жоғары көрсеткішке ие болды.

Модельдерді оқыту алгоритмдерін салыстырмалы талдау

Келесі МО және DL модельдеріне салыстырмалы талдау жүргізілді:

- Random Forest – ансамльдік ағаштар әдісі;
- SVM – қолдау векторлар машиналары;
- CNN – конволюциялық нейрондық желі.

Барлық модельдер CIC-IDS-2017 датасеті негізінде үйретілді. Мәліметтер MachineLearningCSV.csv форматында сақталып, алдын ала өңделді (бос мәндер жойылды, сандық шкалаға келтірілді, категориялар кодталды). Шабуыл түрлері сандық кодтау арқылы көрсетілді, ал ерекшеліктер StandardScaler негізінде масштабталды. Деректер оқыту және тест жиынтығына бөлінген, мұнда оқыту жиынтығы деректердің 70% , ал тест жиынтығы 30% қамтиды.

Кластар бойынша қателік матрицасы CNN алгоритмінің тест деректерінде әр шабуыл класын қаншалықты дұрыс немесе бұрыс анықтағанын көрсетеді (2 - сурет).



2 сурет – Кластар бойынша қателік матрицасы

Қателік матрицасының нәтижелеріне сүйенсек, CNN моделі желілік шабуылдарды жіктеуде жоғары тиімділік көрсетті. Талдау көрсеткендей Benign, DoS Hulk, DDoS Portscan кластары жоғары дәлдікті көрсететті, мұнда диагональдағы мәндер 0,85-0,98 деңгейінде болады. Сонымен қатар, кейбір кластар үшін жіктеу қателері бар. Графикте Bot класы Benign және басқа шабуылдаушы сыныптармен шатастырылады. Сол сияқты, DoS Slowloris және DoS Slowhttptest кластары өзара қателіктерді көрсетеді. Жалпы модель қалыпты желілік трафикті сенімді түрде ажырата алатыны көрсетілді.

Талқылау

(AL-Jaberi et al., 2025) зерттеулерінде МО алгоритмдеріне арналған жаңа мұздату әдісі ұсынылды және пирамида сұлбасын пайдалана отырып, фишингтік веб-сайттарды анықтаудың жетілдірілген тәсілі жасалды. Жаңа модель ең маңызды белгілерге назар аударып, фишинг сайттарды дәл анықтауды қамтамасыз етеді және қайта оқытуды қажет етпейді. Ұсынылған модельде 30 атрибуты бар 2456 ақпараттан тұратын деректер қоры негізінде Random Forest алгоритмі фишингтік сайттарды анықтауды 97,4% дәлдікте көрсетті.

(Cárdenas-Haro et. al., 2025) өз зерттеулерін Sybil шабуылына қатысты әдеби шолудан бастаған. Мақалада Sybil шабуылына осал желілер қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі қорғаныс шаралары және шабуылдың алдын-алу алгоритмдері қарастырылған. Онлайн әлеуметтік желілерде, соның ішінде Twitter-де Sybil байланысын анықтау алгоритмі зерттеудің негізі болып табылады. Sybil шабуылын KNN алгоритмі 96% - 97%, *SVM* алгоритмінің көрсеткіші 97% - 100% дәлдікпен анықтады. Зерттеуде қорғаныс шараларын қолданудың қадамдары, нәтижелерді талдау және болашақтағы зерттеу бағыттары баяндалған.

(Kuraś et.al., 2026) зерттеуінде IoT-құрылғыларындағы шектеулі ресурстар жағдайында желі трафигіндегі аномальды әсерді бақылау мақсатында МО модельдерін оңтайландыруды қарастыра отырып RandomForest, ExtraTrees, AdaBoost, XGBoost, CatBoost алгоритмдеріне салыстырмалы талдау жасалған. Қорытынды да XGBoost алгоритмі бинарлы классификация негізінде 92% дәлдікпен 8 секунд арасында МО оңтайлы моделі екенін көрсетті.

(Altwaijry et al., 2024) зерттеулерінде фишингтік электрондық пошта хабарларын анықтау үшін бірөлшемді конволюциялық нейрондық желілерге (1D-CNNPD) негізделген модельдер қолданылды. Базалық 1D-CNNPD модель рекуренттік қабаттармен – LSTM, Bi-LSTM, GRU және Bi-GRU – күшейтілгенде оның анықтау дәлдігі артатыны дәлелденген. Зерттеу барысында фишингті анықтауға арналған конволюциялық нейрондық желі (CNN) негізіндегі 12 DL моделі ұсынылған. Талдау нәтижесінде Leaky ReLU және Bi- GRU моделінің негізінде өнімділік көрсеткіштері Acc.99.68%, F1 99.66% тең болды. Бұл көрсеткіш 1D-CNNPD моделінің электрондық пошта арқылы фишингтік шабуылдармен күресу үшін киберқауіпсіздік шешімдерін іске асырудағы әлеуетін көрсетеді.

(Bolatbek et. al., 2024) зерттеулерінде деструктивті хабарламалардың таралуын YouTube, Vkontakte және Telegram сияқты әлеуметтік желілерден ақпарат жинау арқылы қарастырған. Мақалада e uni-bi-gram(1,2) көмегімен Logistic Regression, SVM, Naive Bayes әдістерінен алынған нәтижелердің жиынтығы көрсетілген. Сонымен қатар, фишингтік веб-сайттарды анықтау, желі қауіпсіздігін қамтамасыз ету және шабуылдарды алдын алу, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі деструктивті хабарламалардың таралуын болжау үшін МО модельдері мен DL алгоритмдері қарастырылған.

Біздің зерттеуімізде желілік шабуылдарды анықтауда CNN моделі негізіндегі көрсеткіш 98,13% дәлдікпен дұрыс анықтады.

(Altwaijry et. al., 2024) зерттеуінде LSTM, Bi-LSTM, GRU және Bi-GRU қабаттарымен кеңейтілген кездегі өнімділік көрсеткіштері 99.68%, ал біз қарастырған Random Forest, XGBoost, SVM орташа нәтижелері 98%, яғни бұл тұрғызылған модель сенімділігінің жоғарылығын көрсетеді. Желілік талдауда Benign (қауіпсіз трафик) класы, DoS Hulk шабуылы, DDoS шабуылы, DoS GoldenEye шабуылдары толықтай ажыратылды және модельдің тиімділігін көрсетті.

Қорытынды. Мақалада желілік шабуылдарды анықтау және оларды жіктеу мәселесі зерттелді. Осы мақсатта ЖИ негізделген бірнеше МО және DL алгоритмдері – Random Forest, SVM және CNN қолданылып, олардың тиімділігі салыстырмалы түрде талданды.

Зерттеу нәтижелері келесі негізгі **қорытындыларды** көрсетті:

- Деректерді алды ала өңдеу кезінде маңызды белгілерді іріктеу модельдердің жалпы өнімділігіне айтарлықтай әсер ететіні анықталды. Масштабтау және деректерді сандық форматқа келтіру сияқты процедуралар, әсіресе SVM және NN модельдерінің жұмысында маңызды рөл атқарды;

- SVM алгоритмі кейбір шабуыл түрлерін анықтауда жоғары нәтижелер көрсеткенімен, деректер көлемі ұлғайған сайын оның есептеу жылдамдығының төмендейтіні байқалды. Бұл фактор оны нақты уақыт режимінде жұмыс жасайтын жүйелерде қолдануды белгілі бір деңгейде шектейді;

- CNN моделі шабуылдардың күрделі құрылымдық ерекшеліктерін тиімді меңгеріп, жақсы нәтижелер көрсетті. Дегенмен, мұндай модельдерді оқыту үшін жоғары есептеу ресурстары мен қосымша уақыт керек.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, желілік шабуылдарды анықтау барысында бір ғана алгоритмді қолдану жеткіліксіз болуы мүмкін. Себебі шабуылдардың сипаты, деректердің көлемі мен құрылымы өзгерген жағдайда әртүрлі модельдер әртүрлі тиімділік көрсетеді. Сондықтан болашақта нақты міндеттерге байланысты бірнеше модельді біріктіру немесе ансамбльдік тәсілдерді қолдану арқылы жүйенің сенімділігін арттыру мүмкіндігі бар.

ЖИ-ке енгізделген шешімдерді желілік қауіпсіздік саласына енгізу цифрлық инфрақұрылымды қорғаудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Мұндай тәсілдер желілік аномалияларды ерте кезеңде автоматты түрде анықтауға және кибершабуылдардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Осы бағыттағы зерттеулер болашақ интеллектуальды қауіпсіздік жүйелерінің қалыптасуына негіз болады және қосымша ғылыми зерттеулер жүргізуді талап етеді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында ЖИ-ке негізделген МО және DL алгоритмдерінің мүмкіндіктері қарастырылды. Атап айтқанда, Random Forest, SVM сияқты дәстүрлі әдістермен қатар, NN-дің заманауи архитектурасының бірі – CNN қолданылды. Бұл алгортимдер шабуыл түрлерін жіктеу, қалыпты және аномальды желілік трафикті ажырату, сондай-ақ жаңа немесе сирек кездесетін шабуылдарды анықтау мүмкіндіктері тұрғысынан салыстармалы түрде талданды.

References

Al-Jaberi A.J.K., Kurnaz S., Naser R.A.S., et al. (2025) A novel architecture based on weight freezing and random forest for website phishing detection. *International Journal of Computational Intelligence Systems*, 18. — 284 p. https://doi.org/10.1007/s44196-025-00975-5 (in Eng.)

Aljabri M., Aljamee S.S., Mohammad R.M.A., Almotiri S.H., Mirza S., Anis F.M., Aboulnour M., Alomari D.M., Alhamed D.H., & Altamimi H.S. (2021) Intelligent techniques for detecting network attacks: Review and research directions. *Sensors*, 21. — 7070 p. https://doi.org/10.3390/s21217070 (in Eng.)

Altwaijry N., Al-Turaiki I., Alotaibi R., & Alakeel F. (2024) Advancing phishing email detection: A comparative study of deep learning models. *Sensors*, 24. — 2077 p. https://doi.org/10.3390/s24072077 (in Eng.)

Asambaev A.Zh. (2011) *Zhasandy intellekt negizderi: Okulyk* [Fundamentals of artificial intelligence: Textbook]. Almaty: Dauir. (in Kaz.)

Bolatbek M., Saginai M., & Musiralieva Sh. (2024) Using machine learning methods to detect destructive web content in the Kazakh language. *Academic Scientific Journal of Computer Science*, (4). — P. 99–111. https://doi.org/10.32014/2024.2518-1726.310 (in Eng.)

Cárdenas-Haro J.A., Salem M., Aldaco-Gastélum A.N., López-Avitia R., & Dawson M. (2024) Enhancing security in social networks through machine learning: Detecting and mitigating Sybil attacks with SybilSocNet. *Algorithms*, 17. — 442 p. https://doi.org/10.3390/a17100442 (in Eng.)

Cyber Shield (2025) Access: https://www.gov.kz/memleket/entities/knb/activities/250?lang=kk (in Eng.)

Darktrace (2025) *AI and cybersecurity: Predictions for 2025*. https://www.darktrace.com/blog/ai-and-cybersecurity-predictions-for-2025 (in Eng.)

IBM Security (2022) *Cost of a data breach report*. https://www.ibm.com/security/data-breach (in Eng.)

Issa M.M., Aljanabi M., & Muhialdeen H.M. (2024) Systematic literature review on intrusion detection systems: Research trends, algorithms, methods, datasets, and limitations. *Journal of Intelligent Systems*, 33(1). — 20230248 p. https://doi.org/10.1515/jisys-2023-0248 (in Eng.)

Kaspersky (2024) *Kaspersky predicts AI and privacy to shape consumer cybersecurity landscape in 2025*. https://www.kaspersky.com/about/press-releases/kaspersky-predicts-ai-and-privacy-to-shape-consumer-cybersecurity-landscape-in-2025 (in Eng.)

Khan M.A., & Usman M. (2021) A deep learning approach for intrusion detection using LSTM and GRU. *Sensors*, 21(15). — 5112 p. https://doi.org/10.3390/s21155112 (in Eng.)

Kuraś P., Bolanowski M., & Łoza M. (2026) Optimization of machine learning models for effective anomaly detection in industrial IoT systems. *Advances in Science and Technology Research Journal*, 20(1). — P. 203–221. https://doi.org/10.12913/22998624/210686 (in Eng.)

Matias Y. (2025) *Google Research 2025: Bolder breakthroughs, bigger impact*. https://research.google/blog/google-research-2025-bolder-breakthroughs-bigger-impact/ (in Eng.)

Muslam M. (2023) Privilege escalation attack detection and mitigation in cloud using machine learning. *IEEE Access*. https://doi.org/10.1109/ACCESS.2023.3273895 (in Eng.)

Muthukrishnan N., Maleki F., Ovens K., Reinhold C., Forghani B., & Forghani R. (2020) Brief history of artificial intelligence. *Neuroimaging Clinics of North America*, 30(4). — P. 393–399. https://doi.org/10.1016/j.nic.2020.07.004 (in Eng.)

Salem O., Alsubhi K., Shaafi A., Gheryani M., Mehaoua A., & Boutaba R. (2022) Man-in-the-middle attack mitigation in Internet of Medical Things. *IEEE Transactions on Industrial Informatics*, 18(3). — P. 2053–2062. https://doi.org/10.1109/TII.2021.3089462 (in Eng.)

Singh A., & Gupta B.B. (2022) Distributed denial-of-service (DDoS) attacks and defense mechanisms in various web-enabled computing platforms: Issues, challenges, and future research directions. *International Journal on Semantic Web and Information Systems*, 18(1). — P. 1–43. https://doi.org/10.4018/IJSWIS.297143 (in Eng.)

Tadhani J.R., Vekariya V., Sorathiya V., et al. (2024) Securing web applications against XSS and SQLi attacks using a novel deep learning approach. *Scientific Reports*, 14. — 1803 p. https://doi.org/10.1038/s41598-023-48845-4 (in Eng.)

Ye X., Luo F., Cui H., et al. (2025) Research on insider threat detection based on personalized federated learning and behavior log analysis. *Scientific Reports*, 15. — 19214 p. https://doi.org/10.1038/s41598-025-04029-w (in Eng.)

Zhou Y. (2025) Design and implementation of computer network security monitoring system. *Journal of Computer, Signal, and System Research*, 2(4). — P. 63–68. https://doi.org/10.71222/qkantx75 (in Eng.)

Zhunisov N.M., Aben A.B., & Isakov D. (2024) Detection of network attacks using a comparative analysis of machine learning algorithms. *Mechanics and Technologies*, 4(86). — P. 430–439. https://doi.org/10.55956/ZCJD4515 (in Eng.)

Publication Ethics and Publication Malpractice
in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see http://www.elsevier.com/publishingethics and http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see http://www.elsevier.com/postingpolicy), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service http://www.elsevier.com/editors/plagdetect.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:
www:nauka-nanrk.kz
http://physics-mathematics.kz/index.php/en/archive
ISSN2518-1726 (Online),
ISSN 1991-346X (Print)

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*
Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*
Верстка на компьютере: *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 31.03.2026.
Формат 60x881/8.
20,0 п.л. Заказ 1.

«Central Asian Academic Research Center» LLP
Алматы, Шевченко к-сі, 28